

Тісжегіні емдеу қағидалары.  
Қателіктері және асқынулары,  
оларды жою жолдары, алдын алу.

- Тістерді егеп-тазалау кезінде келесі қағидаларды сақтау керек:
- - деонтологиялық
- - анестезиологиялық
- - биологиялық жағынан сақтау
- - рационалдық
- - кезеңдерді барынша дәл орындау
- Тіс айналасындағы тіндерді сақтау
- Егер осы қағидаларды ұстанып ем жүргізсек, ұзақ жолдар тісті сақтап қалуға болады (анатомиялық, функционалдық, эстетикалық жағынан).

- Тісжегі қуыстарын егеп-тазалау кезіндегі басшылыққа алатын негізгі қағида:
- - сырқаттанып өзгерген тіндерді шгіне жеткенше толық кесіп алып тастау және зақымдалған кіреуке мен дентинді барынша сақтау болып табылады.

# Тісжегі қуыстардың егеп-тазалау кезендері және пломбылауға дайындау

- 1 кезең –жансыздандыру.
- Әрбір дәрігер-стоматолог барлық манипуляцияларды ауыртпай жасау керек: өткір борлармен жұмыс істеу керек, қатты баспай, тіс тіндерін қыздыртпай.
- 2 кезең – тісжегі қуысын ашу.
- кіреукенің өмірге қабілетсіз шеттерін алып тастау керек. Дентинде кіреукеге қарағанда тісжегі үрдіс тез дамиды, сондықтан тісжегі қуысының ауызы тар болады. Тісжегі қуысын жақсы көру үшін оның аузын ашу керек. Шар тәрізді немесе фиссур тәрізді борлар қолданылады.

- 3 кезең – тісжегі қуысын кеңейту.
- Өткір шартәрізді бормен немесе экскаватор көмегімен патологиялық өзгеріске ұшыраған тістің қатты тіндерін алып тастайды.
- 4 кезең – некрэктомия.
- Ыдыраған және жұмсарған кіреукемен дентинді толық алып тастау, ал сау дентинді көбінесе қалдыру керек. Тісжегі қуысының табанын егеп тазалағанда абайламаса, ұлпа ашылып қалуы мүмкін. Сау дентиннің патологиялық өзгерген дентиннен айырмашылықтары бар: сау дентин сарғыштау, шұқып тексергенде қатты, тегіс.

- 5 кезең – тісжегі қуысын белгілі бір қалыпқа келтіру қажет.
- - тісжегі қуысының қабырғалары қатты болу керек;
- - тісжегі қуысының пішіні әр түрлі болуы мүмкін.
- 6 кезең – тісжегі қуысының жиегін тегістеу.
- Тісжегі қуысының жиегі 45 градус қиғаштап егеледі. Қуыстың қиғаштап егелген жиегі (фальц) пломбаны орнынан ығыспай тығыз жабысып тұруына жағдай жасайды.

- **7 кезең – дәрі-дәрмектермен жуу.**
- Тісжегі қуысын жуып-шайғанда күшті антисептиктерді және ұлпаны тітіркендіргіш дәрілерді қолдануға рұқсат етілмейді. Көбінесе жылы, әлсіз антисептик ерітінділерді қолданылады: 3% сутегінің асқын тотығы, 0,02 % фурациллин, 0,5 % димексид. Содан соң тісжегі қуысын жылы ауамен кептіреді.
- **8 кезең – терең тісжегі болғанда – емдік төсем салу.**
- Тек ғана қуысың табанына тегістегішпен немесе нығыздығышпен еңгізеді.

- 9 кезең – аралық төсем салу.
- Оны тісжегі қуыстың табанына, қабырғасына кіреуке- дентин шекарасына дейін қояды.
- 10 кезең – тұрақты пломбаны қою.
- 11 кезең – пломбаны тегістеу, өңдеу, жылтырату.



## Қателіктер мен асқынулар.

- 1. Тістің қатты тіндерін егеген кезде белгілі бір қағидалар сақталмаса.
- 2. Орындалу реті бұзылса.
- 3. Пломбалық материалдың улы әсері ұлпаға зияның тигізсе.
- 4. Тісжегінің клиникасына сәйкес ем жүргізілмесе, диагноз дұрыс қойылмаған жағдайда.
- 5. Тістің қуысының топографиясын білмесе.

## Тісті егеген кезде жіберілетін қателіктер.

- 1. Тісжегі қуысының қабырғасын тесіп алу.
- Әсіресе мойын бөлігінде жиі кездеседі. Жанасу беті тесіліп кетсе көбінесе қызыл иек бүртігі қанайдыда, ауыру сезімі пайда болады. Бұл жағдайда қуысты қалыпқа келтіріп, тесікті пломбылаған дұрыс. Қызыл иектің қанын тоқтатып, қабыну үрдісінің алдын-алу қажет. Қабырғасын тесіп алмау үшін, қуыстын элементтерін жақсы білу керек.


- **2. Тісжегі қуысының табанын тесіп алу.**
- Сол кезед ұлпа ашылып, ауру сезім пайда болады, тесілген жерден қан шығады.
- Префорація ненің салдарынан пайда болады:
- - дәрінер егеп жатқан қуысты дұрыс көріп тұрмаса;
- - егер кіреукенің кедергі жасап тұрған жиектерін кеңейтіп тегістемесе;
- - егер бордың көлемі қуысқа сәйкес болмаса;
- - егер борды әр кезеңге сәйкес таңдап алмаса;
- - қуыс табанындағы жұмсарған дентинді экскаватормен тазаланға кезде.

- **3. Қуыстың қабырғасы сынып қалуы.**
- Ол қуыстың қабырғасы жұқа болса, немесе аспаппен дұрыс жұмыс істемесе сынып қалуы мүмкін. Оны бодырмау үшін қуыстын жиегіндегі кіреукені жақсылап кеңейтіп, содан кейін жұмсарған дентинді алу керек.
- **4. Сау тістердің беті қоса егеліп кетуі.**
- Әсіресе 2 топ тісжегіні егеген кезде келесі тістің жанасу беті бірге егелуі мүмкін / көбінесе тістер тығыз орналасса/. Сондықтан қуысты міндетті түрде 2-3-4 топ тісжегі кезінде жанасу бетінде, таңдай жағына, тіл жағына қосымша алаң жасау арқылы шығару қажет. Егер сау тіс берге егеліп кетсе, ол тісті құрамында фтор бар препараттармен өңдеу керек. Егер терең егеліп кетсе / кіреуке ғана/ , онда ол жерді бормен тегістеп, фторлау әдісін жүргізген жөн. Егер дентинге жетіп тұрса, онда пломбыла қажет.
- **5. Қызыл иектің зақымдануы.**
- Әсіресе қуыстар мойын бөлігінде және жанасу бетінде орналасқанда.

# Тісжегіні емдегеннен кейін пайда болатын асқынулар.

- **1. Екіншілік тісжегі** – қуыстың жиегі мен пломбаның арасында кеңістік пайда болады. Алдыңғы тістерде кейде кіреуке қоңыраяды. Оның себебі тісжегіні егеген кезде техникалық орындау кезеңдері дұрыс орындалмаған болуы мүмкін, шіріген дентин толық алынбаған.
- Ондай жағдайда пломбаны алып тастап, қайтадан пломбылау қажет. Осындай асқынуды болдырмау үшін тісжегі қуыстың егеп-тазалайтын кезеңдерді дұрыс жасау керек.


- 2. Папиллит – қызыл иек бүртігінің қабынуы.
- - егерде қойлған пломба артық болып қызыл иеті үнемі қажай берсе;
- - егер екі тіске «ортақ» бір пломба қойылса;
- - егерде тісжегіні пломбылаған кезде тісаралық жолақша (матрица) қызыл иекті кесіп кетсе;
- - немесе көзге көрінбейтін жасырын қуыстың салдарынан да папиллит пайда болады, ол үшін рентген әдіс қолдану керек;




а



б



в




г



д



е



ж

- 3. Пломбаның түсіп қалуы.
- Ол тісжегіні егеу және қуысты қалыпқа келтіру қағидалары дұрыс сақталмағандықтан пайда болады:
  - - қосымша алаң жасалмаса;
  - - қуыстың жиегі 45 градус болмаса;
  - - аралық төсем дұрыс қатаймаса;
  - - немесе қуысқа сілекей ағып кетсе.



- 4. Түбір ұшы периодонттың қабынуы.
- Тіске қойылатын пломба қалыптан тыс биік болып тұрса, тіс-тіске тигенде, ауыру сезімі пайда болады. Мұндай асқыну болмас үшін, қойылған пломбаны тегістеп, көшірме қағазбен тексеру қажет.

- 5. Тіс сауытының түсінің өзгеруі.
- Тістің ұлпасымен байланысты емес. Ол тіске амальгамадан қойылатын пломбаның салдарынан болуы мүмкін. Немесе қарайған дентин толық алынбаған болса, тіс сауытының түсі өзгереді. Ұлпаның қабынуы немесе некроздануы – көбінесе орта немесе терең тісжегіні дұрыс емдемеген жағдайда болады.